

Қалалық мәслихаттың 2010 жылғы 30 шілдедегі "Балқаш қаласы және әкімшілік-аумақтық іргелес кенттердің тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 32/259 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 39 /303 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 31 желтоқсанда N 8-4-207 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2010 жылғы 30 шілдедегі Балқаш қаласы және әкімшілік-аумақтық іргелес кенттердің тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 32/259 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-4-194 болып тіркелген, 2010 жылғы 29 қыркүйектегі N 116 "Балқаш өңірі" газетінде, 2010 жылғы 29 қыркүйектегі N 111 "Северное Прибалхашье" газетінде жарияланған) толықтыру енгізілсін:

1) Балқаш қаласы және әкімшілік-аумақтық іргелес кенттердің тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінің (бұдан әрі – Ереже) мемлекеттік тілдегі кіріспесінде "іргелес кенттердің" сөздерінен кейін "аз қамтылған" сөздерімен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

Ереженің орыс тіліндегі кіріспесінде "порядок и размер предоставления жилищной помощи" сөздерінен кейін "малообеспеченным" сөзімен толықтырылсын;

2) Ереженің мемлекеттік тілдегі 3 тармағында "Тұрғын үй көмегі" сөздерінен кейін "аз қамтылған" сөздерімен толықтырылсын;

Ереженің орыс тіліндегі 3 тармағында "Жилищная помощь предоставляется" сөздерінен кейін "малообеспеченным" сөзімен толықтырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, заңдылық және азамат құқығы, әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Баймағанбетов Е.К.).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған қатынастарға қолданылады.

Сессия төрағасы

Р. Қойбағарова

Қалалық мәслихаттың хатшысы

И. Сторожко

"КЕЛІСІЛДІ"

Қала әкімі

24.12.2010 ж.

Қаржы бөлімінің бастығы

24.12.2010 ж.

Тейлянов К.Г.

Томпиева Ж.К.

Ж ұ м ы с п е н қ а м т у ж ә н е
ә л е у м е т т і к бағдарламалар

бөлімінің бастығы

Адамова Қ.Қ.

24.12.2010 ж.